



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Емелбаев

2023 ж.

**«Дауыс физиологиясы мен гигиенасының негіздері» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «02150300 - Вокалдық өнер» мамандығы 4S02150301 - Академиялық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы, 4S02150303 - Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы, 4S02150304 - Хор әртісі біліктіліктеріне арналған «Дауыс физиологиясы мен гигиенасының негіздері» пәні бойынша педагогтерді аттестаттауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Дауыс аппараты	01	Әншілік дауыс физиологиясының теориясы. Дауыс аппаратының құрылымы. Дауыстық аппараттың мүшелері
02	Дыбыс шығару физиологиясы – фонация	02	Ән салудағы көмей
		03	Вокалдық техника Әншілік дем және тірек
03	Әншілік дауыстардың физиологиялық жағынан жіктелуі	04	Дауыстардың негізгі түрлері
		05	Дауыстарды акустикалық сипаттамасына байланысты жіктеу. Жоғарғы әншілік форманта
04	Ән салудағы ішкі сезімдердің рөлі	06	Сезім мүшелерінің ән салудағы өзара тоғысуы
		07	Ән салудағы вибрациялық сезім
05	Дауыс гигиенасы	08	Дауыс аппаратын кәсіби тұрғыда қолдану мәдениеті және гигиена
		09	Сабактардың жүйесі мен тәртібі
06	Дауыс аппаратының аурулары	10	Дауыс аппаратының кәсіби және суық тию аурулары
		11	Өнер көрсететін күні күш пен уақытты ұйымдастыру
		12	Дауыстың күйі. Тамақтану тәртібі
		13	Дауыстың денсаулығы және күтімі. Ағзаны шынықтыру
		14	Дауыстың бұзылуы. Дауыстың зақымдануы және амортизацияға ұшырауы
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

«Дауыс физиологиясы және гигиенасының негіздеріне» кіріспе.

Көмей анатомиясы. Дауыс аппаратының құрылымы. Бұлшық еттер тобы, дауыс қуысы. Адамның жынысы мен жасына байланысты көмейдің көлемі. Резонаторлар. Кеңірдек, кеңірдекше, өкпе,

диафрагма, олардың дыбыс түзілудегі ролі. Артикуляциялық аппарат. Ауыз қуысы, жұтқыншақ, тіл, алқым.

Дыбыс шығарудың физиологиясы – фонация.

Көмейдің ән айтудағы орны. Ауыз-жұтқыншақ каналының үлкендігі мен орналасуының маңызы. Әншілік дыбыстың акустикалық тұрақтылығы. Көмейдің дұрыс орналасуынан тәуелділік. «Вокалдық есінеу». Дауысты дыбыстардың айтылуы. Фонацияны басқару жүйесін классификациялау. Диапазон, дауыс ырғағы, дауыс күші, тесситура, регистр туралы ұғым. Фонацияны басқару тәсілдерін жүйелендірудегі физиологиялық белгілер. Әншінің дауыс диапазонына, дауыс күшіне, дауыс ырғағына қойылатын талаптар. Опералық орындаушыларға қойылатын физиологиялық талаптар, шаршамау.

Әншілік дауыстардың физиологиялық жағынан жіктелуі.

Әйелдер мен ерлердің дауыстарын диапазондары бойынша бөлу. Әйелдер дауыстарының сипаттамасы: колоратуралық сопрано, лирикалық сопрано, лирико-драмалық сопрано, драмалық сопрано, меццо-сопрано, лирикалық меццо-сопрано, орталық меццо-сопрано, колоратуралық меццо-сопрано, контральто.

Ерлердің дауыстарының сипаттамасы: лирикалық тенор, лирико-драмалық тенор, драмалық тенор, контр-тенор, лирикалық баритон, драмалық, баритон, бас, жоғарғы бас, орталық бас, бас-профундо, дискант.

Дауыс күші, децибелдер. Дауыстарды категориясына байланысы бөлу: опералық, оперетталық, камералық, «микрофондық». Жоғары әншілік форманта туралы ұғым немесе дауыстың сыңғырлаушылығының коэффициенті. Дауыстың обертондары. Дауыстың ұшуы.

Ішкі сезімдердің ән салудағы ролі.

Ән салу барысында ішкі сезімдерді саралау. Сезім мүшелерінің тоғысуы – сыртқы (есту, көру), және ішкі (бұлшық еттік, тері, тербелістік). Фонация кезінде байқалатын ішкі сезінулер аясы: тандайлық, жұтқыншақтық, көмейлік, және жоғарғы резонаторлар – мұрынның қосымша қуысы, бе сүйектері; кеңірдек ішіндегі тербеліс тітіркендіргіштері, дауыс желбезегінің асты; кеуде; құрсақ пресси, төменгі құрсақ аясы. Дауысты меңгерудегі тербеліс сезімталдығының ролі. Резонатор, жаңғырық және тербеліс туралы ұғымдар. Резонатор сипаттары. Дауыстың әншілік сүйеніші туралы ұғым. Ән салу кезінде бұлшық еттерді бақылауға дағдылану. Есту қабілеті емес, жаттыққан бұлшықеттердің сезімдеріне сену. Алдын ала жаттығу, дауыс аппаратының бұлшық еттерін қыздыру және ағзаны психологиялық жақтан дайындау міндеттілігі.

Дауыс гигиенасы.

Дауыс аппаратын кәсіби тұрғыда қолдану мәдениеті және гигиена. Кәсіби қолданудағы дауыс аппаратының гигиенасы мен мәдениеті. Дауыс аппаратын кәсіби пайдаланудағы гигиена туралы қарапайым мағлұматтар. Дауыс аппаратын бұзатын себептерді тану. Адам ағзасының мүмкіндіктерін тану. Дауыс аппараты жағдайының бүкіл ағзаның қалпынан тәуелді болуы. Жасөспірім кезеңінде болатын дауыс өзгеруі, дауыс гигиенасының ережелері. Дауыс аппаратын шаршатпау. Дауыс аппаратының шаршауы және ән салу ұзақтығы, әсіресе жалпы шаршау кезінде. Тыныс мүшелерінің шырышты қабықтарының ролі. Көмекей бездер. Аденоидтық өскіндір. Тістер. Дауыс аппаратын күтудің жалпы ережелері. Ауырып тұрғанда ән салу. Режимнің мәні және жалпы гигиеналық ережелерді сақтау.

Дауыс аппаратының аурулары.

Аңқа аурулары туралы жалпы мағлұмат: ринит, катарр в.д.п., гайморит, фронтит, фарингит, ангина, трахеит, бронхит. Дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты, 8 сағаттық түнгі ұйқы дауыс гигиенасының маңызды құрамдас бөлігі. Дауыстың бұзылуының әр түрлі себептері. Дауыстық аппаратты емдеу және қалпына келтіру. Дауыстық ақаулар және оларды жою жолдары. Дауыстың кәсіби жарамсыздығы.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Юссон Р. «Әншілік дауысы» - М.: Музыка, 1974.
2. Баймульдина Ж. «Дауысты қалай меңгеруге болады» - А.: «Өнер», 1990.
3. Менабени А. «Жеке ән айтуды оқыту әдісітемесі» - М., 1987.
4. Морозов В. «Дауыстық сөйлеудің биофизикалық негіздері» - Л., 1997.
5. Морозов В. «Вокалдық сөздің құпиялары» - М., 1967.
6. Кантарович В. «Дауыс гигиенасы» - М., 1955.
7. Егоров А. «Дауыс гигиенасымен оның физиологиялық негіздері» - Л., 1970.
8. Набиуллина Р. «Дауыс физиологиясы мен гигиенасы» - А., 2004.
9. Бархатова И. «Гигиена голоса для певцов» - Лань, 2016.
10. Набиуллина Р., Аргингазинова Г.Б. «Сольное пение» - Астана «Фолиант», 2004.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


(қолы) (Т.А.Ә)
« ___ » _____ 2023ж.









